

сегодня это все, что у меня есть для вас/ Это все что есть (у меня) на сегодня. Все эти опущения были сделаны в сторону выгоды липсинга, так как мы видим, что переводчик достиг липсинга на уровне слов: по 7 слов в тексте оригинала и перевода.

Разбор и анализ этих примеров позволяет сделать вывод и понять, насколько важным является дублирование аудиовизуальных произведений и как перевод этих произведений зависит от дублирования. Липсинг является одним из основных составляющих в дублировании, которое показало, что его влияние на перевод может поставить переводчика в трудные ситуации, в которых ему приходится сделать выбор в пользу липсинга, жертвуя смыслом текста перевода либо в ситуациях, где смысл текста перевода ставится в приоритет в зависимости от сложности передаваемого текста оригинала, а липсинг ставится на второй план.

#### Список использованных источников

1. Иванова, Е. Б. Художественный видеофильм как текст и его категории [Текст] / Е.Б. Иванова. – Волгоград: Перемена, 2000. – 26 с.
2. Комиссаров, В.Н. Теория перевода. Лингвистические аспекты: Учебник для вузов. - М.: Альянс, 2013. - 253 с.
3. Ain't [Электронный ресурс]: Википедия. Свободная энциклопедия // Режим доступа: <https://en.wikipedia.org/wiki/Ain%27t> 30.07.2014, свободный.
4. Фильм “По соображениям совести”(Hacksaw Ridge) [Электронный ресурс] // Режим доступа: <https://rezka.ag/films/drama/22757-po-soobrazheniyam-sovesti-2016.html>, 4.09.2016, свободный.

ӘОЖ 8.1751

#### ДӘСТҮРЛІ «ЛАУАЗЫМ» АТАУЛАРЫНЫҢ МӘНІ ЖӘНЕ АУДАРМАДА БЕРІЛУІ

Саржанова Ә.Б.

[a.sarzhanova89@mail.ru](mailto:a.sarzhanova89@mail.ru)

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, филология факультеті, Аударма ісі мамандығының докторанты,  
Нұр-Сұлтан қаласы  
Ғылыми жетекші- ф.ғ.д., профессор С.К. Сәтенова

Тілімізде өзге де түркі тілдері сияқты лауазым атаулары жиі кездеседі. Бұл атаулар ғасырлар бойы қолданыс тауып, бойына қазақ халқына тән мәдениет пен әдебиеттен, болмыс пен танымнан, көзқарас пен талғамнан, тіршілік пен тыныстан хабар беретін ақпараттарды жинап, бүтін мәдениеттің бөлшегі іспетті жұмсалып келеді.

Бұл лауазым атаулары әртүрлі сөз жинақтарынан құрылып, көптеген ғасырлар бойы жинақталып, қолданысқа түсіп, қалыптасып, толыға отырып өзіндік ерекше заңдылықтар мен тәсілдер арқылы жасалып, тілімізде орныққан тіл бірліктерінің қатарына жатады.

Әр тілдің сөздік қоры болатыны белгілі. Лауазым атаулары да осындай сөздік қорды құрушы, байытушы қызмет атқарып, ұлттық мәдениеттен, ұлттық салт-дәстүрден, әлеуметтік жағдайдан, дүниетанымнан, тіршіліктен, тарихтан т.б. хабардар етеді.

Жалпы тілдік сөздік қоры барынша өзгермелі екендігі белгілі. Сондықтан тіліміздегі лауазым атауларына қатысты көне лексика мен қазіргі қазақ тіліндегі атаулар арасындағы ұқсастықтар мен айырмашылықтар, әрі сол ерекшеліктердің аудармада берілу жолдарында өзгешеліктердің болуы заңды. Бұл құбылыс көне лауазым атауларының жеке қолданыстағы мағыналық және тұлғалық қалыптасу, әрі тілдік қолданыс жағынан қазіргі қазақ тіл біліміндегі

атауларға, оның атқаратын қызметі мен беретін мағынасына сай келмеуінен байқалады. Лауазым атауларының мұндай қолданысын көне жазба ескерткіштерін зерттеушілер Ә. Құрысжанов, М. Томанов еңбектерінде қазіргі қазақ тіл білімінде тұлғалық жағынан да, мағыналық жағынан да қазіргі тіліміздің сөздік қорында кездесетін атаулардан беретін мағынасы, қолданысына қатысты ешқандай өзгеріске түспеген 130 сөз бар екендігін айтады, ал дыбысталуы жағынан кейбір өзгешеліктерге ұшырағандар саны 397, ал тұлғалық тұрпатына қатысты мүлдем ұқсамайтын атаулар саны 311 деп атап көрсетеді [1,256].

VI-VIII ғасырға тиесілі болып келетін бұл көне ескерткіш жазбаларынан белгілі, тасқа қашалған танымал сөздердегі «түркі бектері мен халқы мұны естіңдер» деп келетін жазбадағы атаулардан (түркі бектері, йағычы – қолбасшы, қарағу-күзетші т.б.) бастап, қазіргі қолданыстағы лауазым атаулары (елбасы, президент, төраға, төрайым т.б.) болып табылатын тілдік бірліктер астарында әлеуметтік, мәдени және тарихи ақпараттар тоғысқан.

Жалпы «лауазым» сөзі дәреже, атақ, биліктегі орын сияқты мағынаны беретіні белгілі. Аталған сөз араб тіліндегі «ләзим» сөзінің көптік формасы, алайда араб тіліндегі бұл тілдік бірліктің беретін мағынасы қазіргі қазақ тіліндегі қолданыстағы мағынасынан бөлек, алшақ екендігін байқаймыз. Мәселен, араб тіліндегі «ләуәзим» құрал-сайман деген мағынаны білдірсе, қазіргі қазақ тіліндегі қолданыс бұл мағынадан алшақ екендігі белгілі. Билік, дәреже, шен, атақ мағынасын беретін лауазым сөзі арабтың «муләзим» сөзінен шыққан. Аталған сөз «әскердегі қызмет, шен атауын» білдіреді, демек мағынасы жағынан біз қарастырып отырған лауазым сөзімен мағыналас болып келеді [2,286]. Қазіргі тілдік қолданысымызда лауазым сөзіне статус-дәреже, мәртебе сөздері синонимдес сөздер ретінде қолданыс тауып келеді.

Жалпы қазақ қоғамында лауазым атаулары ерекше белгілеріне қарай беріліп отырған.

Олар:

- \*қоғамда атқаратын қызметі;
- \*жауапкершілік деңгейі;
- \*билік жүргізу жолдарына;
- \*құрметтелу белгілеріне;
- \*лауазымды кімнің тағайындағанына т.б.

Бұл лауазым атаулары қазақ халқының ғасырлар бойғы тұрмыс-тіршілігі мен білім жүйесін, өмірлік тәжірибесі мен қоғамдық тәртіп жүйесін бойына жинаған. Лауазым атаулары мемлекеттік жүйенің құрылуына сәйкес өзгеріп отырған, ол өзгерістер тікелей мемлекет, қоғам, тап, болыс, хандық, ұлыс, ауыл, ру т.б. құрылымдарына байланысты жүйеленген. Осындай өзгерістер тілдің сөздік қорында мақал-мәтелдер, тұрақты тіркестер, қанатты сөздер, идиомалық тіркестер т.б. түрінде ұшырасады.

Мемлекеттік құрылымның үнемі өзгерістерге ұшырайтыны сияқты тілде қалыптасқан лауазым атаулары да жиі өзгеріп, пайда болып, дамып, қалыптасып отырады. Сондықтан да тіліміздегі лауазым атаулары бірнеше ғылым саласының, атап айтқанда, тіл білімі, заң, этнография және тарих т.б. басын біріктіретін зерттеу нысаны бола алады.

Жалпы қазақ тіл біліміндегі лауазым атауларын сөз еткенде тарихи кезеңдерде қалыптасқан мемлекет басқару ісіне қатысты лексиканың тілдегі қолданысы мен түрлену жолдарына назар аударылады. Өйткені, тілдік қордағы лауазым атауларының этимологиясын анықтауда мемлекетті құруда назарға алынған басты алғышарттар мен ел басқару жүйесінің тікелей әсері болғаны сөзсіз.

Тіліміздегі ұлттық мемлекеттік ерекшелігімізді көрсететін лауазым атауларының қайнар бұлағы – алғашқы құқықтық нормалар болып саналатын Тәуке ханның жарғысы, Есім хан мен Қасым ханның мемлекеттегі адамдар қатынасын реттейтін ережелер жинағынан бастау алатыны белгілі. Осы құқықтық нормалар тілімізде бекіп, тілдік қорды байытып, атаулар күйінде тұрақтанды. Мәселен, ғалым Р. Сыздық Абай қолданысындағы лауазым атауларының

ерекшеліктеріне тоқтала келіп, бұл атауларды қолдануына аударма ісінің себепкер болғандығын айтады. Абай осы жағдайларда бұл жаңа сөздерді аударып қолданумен қатар, мағынасын қоса жаңғырту мақсатын көздеген. Мысалы, Абай бастық сөзін ел билеу жүйесіндегі «басшы, әкім» мағынасында ғана емес, дін саласындағы басшыларды білдіретін атау ретінде де қолданған. Абай Лермонтовтың «плитам, ведущим от кельи архимандрита в храм» жолдарындағы «архимандрит» деген лауазым атауын қазақ әдеби тілінде бұрыннан қолданылып келе жатқан «бастық» сөзіне жаңа мағына үстей отырып, дін саласында жаңа мағыналы атау жасаған. Академик Р. Сыздық Абайдың осындай қазақтың жалпылама сөздерін басқа бір саладағы ұғымды білдіретін атауларды жасауда барынша мол пайдаланғанын айтады [3,160б].

Архимандрит атауын ағылшын тіліне тікелей «archimandrite» («archi» грек тілінде басшы және «mandra» шіркеу) сөзімен беруге болады. Қазақ тілді оқырман үшін түсіну қиынға түсетін бұл атау ағылшын тілінде көне дәуірлерде шіркеулерде қызмет ететін ер адамдарға берілетін ең жоғарғы лауазым атауы болып есептеледі [4].

Әлеуметтік категорияларды білдіретін, адамдардың қоғамда бір-біріне телитін кедей, бай, хан, қара, қызметкер, батыр т.б. атаулары өзінің бастапқы кездегі мағынасына мағыналық реңк үстеп, тілімізде әлі күнге дейін қолданылып келеді. Бұл атаулар астында лауазымдық мағына емес, керісінше адамдардың әлеуметтік ортада алатын статусы, материалдық көрсеткіші, атқарған қызметі мен жауапкершілігі сияқты ұғымдар жатыр. Аталған атаулардың қолданылу ерекшелігі мен мағыналық реңкі көне қолданыс пен қазіргі тіліміздегі мағынасы арасында өзгешеліктер мен ерекшеліктер кездеседі. Мәселен, байырғы қолданыста бай және кедей атаулары малының аз-көптігімен таңылса, қазіргі тілімізде мағынасы жаңа сипатқа ие болған «рухани бай» және «рухани кедей» атаулары кездеседі. Бұл атаулар тікелей адамдардың біліміне, тәжірибесі мен көпті көргендігіне т.б. сипаттарына қарай айтылады. Сол сияқты «рухани кедей» ұғымы да қазіргі заманауи тілімізде алған білімі аз, көргені жоқ, айтары таяз адамға қатысты қолданыста кездеседі. Бұл ұғымдарды ағылшын тіліне аудару барысында сол тілде кездесетін барлық синонимдер жиынтығы назарға алынады да, контекстке сәйкес негізгі нұсқалары балама ретінде таңдалады. Мысалы, рухани бай - *to be spiritually rich, the affluent, the wealthy, opulent, well-heeled, ample, fertile, prosperous, superb intellect, springy, thoughtful, filthy* т.б. эквиваленттерін қарастыруға болады.

Сол сияқты, «рухани кедей» ұғымын ағылшын тіліне *pauper, mendicant, indigent, poor, needy, almsman, impoverished, penniless, beggarly, down-and-out, poverty-stricken, peeled, eleemosynary, maunder, badgeman, dog-poor, lazar, schnorrer, Abraham-man, mumper, lack-all, glass-man, starveling, beggarhood, screever* және т.б. түрінде контекстке сәйкес негізгі нұсқалары балама ретінде таңдалады.

Жоғарыда айтып өткеніміздей, жалпы қазақ даласындағы қоғамдық және мемлекеттік құрылымның жиі өзгеріске ұшырауына байланысты лауазым атаулары да түрлі сипаттарға ие болып, мағыналық өзгерістерге ұшырап отырған. Көне кезеңдерде қолданыста болған хандық билік дәуіріндегі лауазым атаулары бүгінгі таңда қолданыстан шыққан немесе жаңа мағыналық реңкке ие болып, басқа ұғым атауы ретінде қолданылып келеді. Аталған лауазым атаулары өткен дәуірлер болмысын суреттеуде, образ жасауда ғана назарға алынады.

Сонымен қатар қазақ қоғамында орын алған құлдық дәуірлерден хабар беретін лауазым атаулары (билеуші, күң, құл т.б.) да бастапқы мағынасынан алшақтап, жекелеген сөз тіркестері мен мақал-мәтелдер құрамында қолданыс тауып келеді. «Әкең қартайса құлға жарисың, шешен қартайса күнге жарисың», «Баталы құл арымас, батасыз құл жарымас», «Би айтқанды құл да айтады, тек құл аузының дауасы жоқ» (Төле би) т.б. қанатты сөздер тілімізде нақыл сөз, өсиет, ақыл түрінде қолданыс тауып келеді. Бұл атаулар қазіргі кезде аңыз әңгімелер, жыр-дастандар, ертегілер т.б. сияқты ауыз әдебиет көздерінде бастапқы мағыналық сипатында жиі кездеседі. Байырғы қолданыста құл атауы бас бостандығынан айырылған, жалшы, біреудің есігінде жүрген

қызметкер, бай адамға тәуелді ер адамға, *күң* әйел адамға қатысты қолданылса, заманауи тілдік қорымызда *құл* сөзі ер адамға қатысты да, әйел адамға қатысты да *адам*, *пенде* мағынасында қолданылады. Бұл тілімізде «құдайдың құлы, Алланың құлы» тіркесінің құрамында кездеседі.

XIX ғасырдың алғашқы жартысында сөйлеу тілімізден шығып қалған ақсүйектер тобына жататын *төре* сөзі өзінің саяси және әлеуметтік сипатынан айырылған. Алайда төре ұрпақтарына жататын адамдардың әлі өмір сүріп келе жатқанын ескерсек, *төре* лауазым атауының екі мағынада қолданылғанына көреміз. Біріншіден, *төре* – белгілі бір әлеуметтік топтың жалпы атауы болса, екінші мағынасында *төре* – осы топтың жеке уәкілдеріне берілген титул болып табылады [3,171б].

Мұндағы *төре* сөзінің *ақ сүйек* атауымен жақын лексикалық мағынада қолданылатынын *ақ сүйек – қара сүйек, төре – қара* сияқты сөздердің қарсы мағынада қолданылуынан байқаймыз. Бұл атауларды ағылшын тіліне аудару барысында транслитерация әдісін қолдана отырып «tore» түрінде бере отырып, мағынасын түсіндіру (tore - the son of a khan or sultan, who has not entered or has not yet been elected to any position, and in general descendants former khans, who are titled sultans in the country, aristocrat, a person of khan origin) арқылы жеткізуді дұрыс деп есептейміз.

Ғалым Р. Сыздық «төре» атауы патша үкіметі кезеңінде әкімшілік және әскери мекемелер қызметкерлерін атауға жұмсалғанын айтады. Абай да төре сөзін өз туындыларында тура осы мағынасында қолданған. «Төре болдың, бас болдың, Көкірегіңді кермедің» немесе «Түрленіп төре болдым деп, Есерленіп шатпаған» деген жолдары осыған айғақ бола алады, яғни төре атауы – үкіметтің әскери мекемесінде қызмет етуші адам мағынасында қолданылған [3,172б].

Қазіргі тілдік қолданыста «төре» сөзі бір заттың, істің ең жақсысы, сапалысы, үлкені мағынасында қолданылады. Мысалы, ас төресі – нан, құс төресі – аққу, гүл төресі – раушан сияқты тіркестер құрамындағы *төре* сөзі астың ең қадірлісі, құстың ең жақсысы, гүлдің ең әдемісі мағынасында қолданылып тұр. Осы жағдайдағы *төре* сөзі ағылшын тіліне биліктегі лауазым мағынасын мүлдем жоғалтып, контекстке сай қажетті толық балама бола алатын сөздермен аударылады.

Аталған сөзден жасалған, жаңа мағынаға ие болған *төреші, төралқа, төраға* атаулары тілімізде жиі қолданылады. *Төреші* – спорт ойындарында төрелік ететін адам екендігі белгілі. *Төралқа* – жиналыс, кеңесуді басқару үшін сайланған алқа, адамдар тобы немесе мемлекеттік органдар, партиялық ұйымдардың тұрақты басқарушы органы [5]. Ал *төраға* атауы белгілі бір жиындарды басқарушы ер адамға қатысты қолданылатын атау.

Төре лауазым атауы қазіргі кезде архаизм сөзіне жатады, аталған лексикадан төраға, төреші, төралқа т.б. жаңа сөздер туындап, тілдік қордың белсенді қабатына енді. Демек, ескірген, көнерген сөздер де қоғам дамуының тарихи өзгерістеріне бейім тілдік қажетсіну талаптарына сәйкес өзгеріске ұшырап отыратын лексика - семантикалық құбылыс болып табылады. Кей архаизмдер қазіргі таңда тілдегі синонимдерімен алмастырылып, көнерген сөздердің қатарына енсе, кей архаизмдердің бұрынғы мағынасы сақталғанымен, сөз жасау құрамы, дыбыстық құрамы өзгеріске ұшырайды [6, 24 б.].

Қазіргі тілімізде қолданыс тауып келе жатқан лауазым атауларын ағылшын тіліне аудару барысында бұл тілдік бірліктердің этимологиясы мен қазіргі тілдегі мағыналық ерекшеліктері арасындағы өзгерістерді назарда ұстау маңызды болып табылады. Халық аузына жиі алатын «әкім» сөзінің бастапқы мәні «хакім», «хәкім» Алла Тағаланың 99 есімінің бірі – Әл-Хаким [7]. «Әкім» сөзінің қазіргі тіліміздегі мағынасын толық меңгере отырып, ағылшын тіліне ең қолайлы әдістерді (калькалау арқылы аудару, балама табу тәсілі, түсіндірме аударма беру тәсілі т.б.) тандап, толық балама бола алатын нұсқаларын беру – түпнұсқа мен аударма арасындағы алшақтықты азайтуға мүмкіндік береді. «Хакім» араб тілінен енген сөз, «данышпан», «дана адам», «әкім» деген ұғымдарды білдіреді, соңғы уақыттарда «хакім» үлгісінде тіпті сирек

қолданады. Бұған мысал, Мұхтар Әуезовтың «Абай жолы» романындағы Абайдың әкесі Құнанбайдың «әкім», «ұлық», «округ басшысы», «аға сұлтан», «болыстық старшын», «дуанбасы», мұндағы «дуан»-округ, дуан әміршісі болғандығы белгілі. Аудармашы Л.А. Наврозов «әкім» сөзіне- «chief» деген балама беріп, басшы дей кете, Құнанбайды үлкен лауазым иесі екендігін айқындамағандай. Аударманың көп жерінде Құнанбайдың атағын түпнұсқада «болыстық старшын», «округ басшысы», «дуанбасы», деп беріліп жатса да, «аға сұлтан» деп алып, «Aga-Sultan» калькалау әдісімен аударып, «Aga-Sultan» аудармасына түсіндірме де бере кеткен (\*\*\*) Aga Sultan (Senior-Sultan) – chief of regional department. He was elected among the elders of the Kazakh clans at a general meeting of the region and his candidacy was approved by the governor-general of Western Siberia) [9, 27 б.].

Қазіргі кезде «әкім» лауазымын ағылшын тіліне көп жағдайда калькалау әдісімен аударып, «Akim» сөзінің түпнұсқасы сақталынып қалды. Мемлекеттік төл-құжаттарды аудару барысында аудармашылар осы калькалау әдісін қолданады. Қазақстан Республикасында өңірлік, қала, облыс басшыларын «әкім» деп атайтынымыз белгілі. Қала әкімі болсын, облыс әкімін де транслитерация арқылы «Akim», «Акум» деп аударылып жатады. Ал, батыстық стандартпен аударатын болғанда ағылшын тіліне қала әкімін- «mayor» (*мыс.* Mayor of Nur-Sultan city- Нұр-Сұлтан қаласының әкімі), облыс әкімін- «Governor» (*мыс.* Governor of Akmola region- Ақмола облысының әкімі) деген аудармалар берілетін еді.

Р. Сыздық еңбегінде XVII-XVIII ғ.ғ. қазақ билігінің жоғары инстанцияларында патша үкіметінің адамдары – орыстардың отырғандығын айта отырып, «Начальник» ұғымын *әкім* сөзімен білдіру де бар дейді: Абырой кетті *әкімнен* (Шортанбай). Бұл, әсіресе, сөздіктерде көрінеді. Осы мағынада *бастық* сөзі де енді-енді қолданыла бастаған (1878, 1897 жылғы сөздіктерде) лауазым атауларын көрсетеді. *Ұлық* сөзі – орыстан болған жалпы «ел басы, начальник» дегеннің баламасы, *әкім* – «жалпы начальник», *төре* – «чиновник» дегендерге балама ретінде қолданылған. Абай *ұлық* сөзін «власть» ұғымымен де ұштастырады, бұл жалпы халық тіліндегі *ұлық* сөзінің жоғарғы «әкімет иесі» деген ассоциациясынан туса керек: *Ұлыққа* қошеметшіл құл сықылды, Қатерге аяқ баспас, көрмей артын [3,188 б.].

Қорыта келе, жоғарыда келтірілген тілдік дәйектер көрсеткеніндей, байырғы жазбаларда, қолданыста кездесетін лауазым атаулары бастапқы мағыналық мәнін өзгертіп, жаңа сипатқа, жаңа мағынаға ие болып, жаңа тілдік бірліктердің пайда болуына әсер етіп келеді. Сонымен қатар, аудармашы әлеуметтік және тарихи, экономикалық, құқықтық өзгерістерді де ескере отырып аударманы жүзеге асырғанда ғана аталған лауазым атаулары толық баламасын таба алады. Қазақ және ағылшын тілдерінде лауазым атаулары қатысқан тұрақты тіркестер, мақал-мәтелдер мен қанатты сөздер жиі кездеседі. Оларды аудару барысында екі тілдегі аталған тілдік бірліктерді қабылдау ерекшеліктері, оның қалыптасуындағы тарихи-әлеуметтік жағдайлар, әрі осылардың арасында туындайтын сәйкессіздіктер лингвомәдени ерекшеліктерді ескере отырып жүзеге асырлады.

### Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Тұрсынова М.А., Жуынтаева З.Н. Қазақ тіліндегі ата, ана, ұл, қыз атауларының басқа түркі тілдеріндегі көрінісі. // Қарағанды университетінің хабаршысы, Серия «Филология». № 4(68)/2012, 24-29 беттер.
2. Жиекбаева А.Б. Қазақ тіліндегі араб, парсы сөздерінің терминденуі. Алматы, 2014, 126 б.
3. Сыздықова Р. Абай шығармаларының тілі. Лексикасы мен грамматикасы: Көп томдық шығармалар жинағы. – Алматы: «Ел-шежіре», 2014, 384 б.
4. <https://www.encyclopedia.com/religion/dictionaries-thesauruses-pictures-and-press-releases/archimandrite>

5. <https://www.wikiwand.com/kk/Төралқа>
6. Қазақ әдеби тілінің анықтамалығы /Құрастырған: С.А. Итеғұлова, А.Қ. Қожахмет. – Астана: Ш.Шаяхметов атындағы тілдерді дамытудың республикалық үйлестіру әдістемелік орталығы, 2016, 150 б.
7. <https://kazislam.kz/kim-s-zini-bastap-y-m-ni-andaj/>
8. М. Әуезов «Абай жолы» романы, I том. – Алматы: «Жазушы», 2013, 10-104 беттер.
9. Mukhtar Aueзов “Abai” translation by L. Navrozov, Book One. – Foreign Languages publishing house, Moscow, 20-35 беттер.

УДК 8.1751

## **ПЕРЕВОДЧЕСКИЕ ТРАНСФОРМАЦИИ ПРИ ПЕРЕВОДЕ ИНАУГУРАЦИОННОЙ РЕЧИ Д. ТРАМПА**

**Сарсенбаева Айым Кенжегулкызы**

[aimka.s@mail.ru](mailto:aimka.s@mail.ru)

магистрант 1-ого курса Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева,  
Нур-Султан, Казахстан  
Научный руководитель – М.Б. Амалбекова

Перевод - это вид языкового посредничества, при котором на другом языке создается текст, предназначенный для полноправной замены оригинала в качестве коммуникативно-равноценного последнему [1, с.53].

Суть перевода заключается, прежде всего, в том, чтобы смысл оригинала передавался адекватно и с минимальными потерями, с сохранением стиля и жанра исходного текста, с соблюдением норм языка перевода. Для обеспечения адекватного перевода переводчики прибегают к различным трансформациям. Целью данной статьи является анализ переводческих трансформаций при переводе инаугурационной речи Д. Трампа в 2017 г. Объектом исследования является функционирование переводческих трансформаций в публицистическом стиле, предметом исследования – применение лексических, грамматических и лексико-грамматических трансформаций при переводе инаугурационной речи Д. Трампа. Теоретической базой послужили работы В.Н. Комиссарова в области переводческих трансформаций.

По мнению В. Н. Комиссарова, «переводческие трансформации - это преобразования, с помощью которых можно осуществить переход от единиц оригинала к единицам перевода в указанном смысле. И поскольку переводческие трансформации осуществляются языковыми единицами, имеющими как план выражения, так и план содержания, они носят формально-семантический характер, преобразуя как форму, так и значение исходных единиц» [2, с.172]. В. Н. Комиссаров классифицирует переводческие трансформации на лексические (транскрипция, транслитерация, калькирование, конкретизация, генерализация, модуляция) и грамматические (синтаксическое уподобление (дословный перевод), членение предложения, объединение предложений, грамматические замены). В.Н. Комиссаров также выделяет третий тип переводческих трансформаций - это смешанный тип, или «комплексные лексико-грамматические трансформации» (антонимический перевод, экспликация (описательный перевод), компенсация, добавление, опущение) [2, с. 172-173].

Описанные выше переводческие трансформации редко встречаются на практике в чистом виде. Большинство из них тесно взаимосвязаны и переплетаются друг с другом.

Рассмотрим применение переводческих трансформаций при переводе инаугурационной речи Д. Трампа 20 января 2017 г.